

№ 5 Хаттама

«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Бурабай кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

18.04.2025 жылғы

Қатысқандар: 42 педагог

Қатыспағандар: 4 педагог – сырқаттануына байланысты (Ахметбекова Б.С., Нурушева А.А., Алпыспаева К.М., Абдрахманова З.У.)

Күн тәртібі:

I. «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Бурабай кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2025 жылғы 28 ақпанда өткен №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
Бұл мәселе бойынша тыңдалды:

1. Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасарлары Шаймерденова З.К., Нурушева А.Н., тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Батин А.Е. – мектептің өзін-өзі аттестаттауға дайындық жұмыстары бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау жасады.

Қаулыланды:

1. Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Бурабай кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2025 жылғы 28 ақпанда өткен №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлықсыз деп есептеу.

II. Мектептің мемлекеттік аттестациядан өту қорытындылары туралы
Бұл мәселе бойынша мектеп директоры Шлейнингер Э.В. тыңдалды.

Ол өз баяндамасында өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша келесі ескертулер анықталғанын жеткізді:

1. 2024–2025 оқу жылында «Дүниетану» пәні аясында жылдық оқу жүктемесіне қарамастан, міндетті «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы 1 «а», 3 «а», 3 «б» және 4 «а» сыныптарында, сондай-ақ 8 «а» сыныбында «Дене шынықтыру» пәні жүзеге асырылмаған. (Жауапты: тәрбие ісі жөніндегі директордың міндетін атқарушы Батин А.Е.)
2. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 20 сағаттың орнына 24 сағат жоспарланған. Жұмыс оқу жоспарында артық ұйымдастырылған қызмет түрлері көрсетілген – 9 бөлім жазылып, оның ішінде 4 сағат артық жоспарланған. Үлгілік оқу жоспарында «Қоршаған ортамен таныстыру» деп көрсетілуі тиіс қызмет түрі «Қоршаған ортамен танысу» деп қате көрсетілген.
(Жауаптылар: оқу ісі жөніндегі директордың орынбасарлары Нурушева А.Н., Шаймерденова З.К.)

3. 2022–2023, 2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдарында мектепалды дайындық тобының перспективалық жоспары бекітілмеген және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік бағдарламасына сай жасалмаған.
4. 2023–2024 оқу жылындағы қазақ тілінде оқытатын мектепалды сыныбының перспективалық жоспары Үлгілік бағдарламаға сай жасалмаған. Циклограммада «Қоршаған ортамен таныстыру» тақырыбы дұрыс көрсетілмеген; «5 жасар балалар» дегеннің орнына «5 жастан бастап», «5 жас» деп қате жазылған. Жылдық жоспарлар бекітілмеген. Орыс тілінде оқытатын мектепалды сыныбы циклограмма құрылымы күн тәртібіне сәйкес келмейді. Мамыр айының соңғы аптасы көрсетілмеген.
5. 2024–2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесінің перспективалық жоспары Үлгілік бағдарламаға сәйкес жасалмаған. Орыс тілінде оқытатын сыныптың құрылымы талаптарға сай емес. «Қоршаған ортамен таныстыру» тақырыбындағы ұйымдастырылған қызмет жоқ. «Балалармен жеке жұмыс» бөлімінде балалардың есімдері, мақсаттар, ойын жаттығулары көрсетілген. Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күн тәртібіндегі сәттер мен қазақ тілі сабақтарында сөздік минимум, сөйлеу тілін дамыту, белсенді сөздік қорын байытуға байланысты жұмыстар көрсетілмеген. Циклограммада дүйсенбі және сәрсенбі күндері көрсетілмеген.
6. Мектепалды топтың оқу-әдістемелік құралдармен және оқулықтармен қамтамасыз етілуі туралы ақпарат ұсынылмаған.
7. 2024–2025 оқу жылындағы жеке даму карталарында даму және түзету шаралары толық көрсетілмеген, сондықтан олардың сәйкестігін анықтау мүмкін емес.
8. 2022–2023 оқу жылындағы мониторинг нәтижелері бойынша ОК тобында 6 бала көрсетілген. Білім беру салалары 3 деңгейге бөлінбеген. Әр сала бойынша 6 бала көрсетіліп, нәтижесінде қорытынды пайызды есептеу мүмкін болмаған.
9. 2024–2025 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижесінде ОА тобында жалпы 6 бала көрсетілген, бірақ «Денсаулық» бөлімінде 7 бала деп көрсетілген. Кесте жаңа нұсқа бойынша толтырылмаған.
10. 2022–2023 және 2023–2024 оқу жылдарындағы қорытынды мониторинг нәтижелері мен 2024–2025 оқу жылындағы аралық мониторинг талаптарға сәйкес емес. ОК тобында (мемлекеттік тілде) 2022–2023 және 2023–2024 оқу жылдары «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Қоғам», «Таным» салалары ескі нұсқамен жазылған. Жаңа нұсқа тек 2024–2025 оқу жылындағы кестеде қолданылған. ОА тобында (орыс тілінде) да осы салалар ескі нұсқамен жазылған. 2023–2024 оқу жылында ОА тобында 8 бала көрсетіліп, «Денсаулық» бөлімінде 7 бала жазылған. Сол қате 2024–2025 оқу жылындағы аралық мониторингте де қайталанған. Бұл қателер жалпы пайызы есептеуге мүмкіндік бермеген.
11. 2022–2023 және 2023–2024 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің жиынтық тізімдері ұсынылмаған.

Қаулыланды:

1. Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасарлары Нурушева А.Н. мен Шаймерденова З.К.-ға, тәрбие ісі жөніндегі директордың міндетін атқарушы Батин А.Е.-ге және мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиешілері Абдрахманова А.Б., Сатпаева Ж.Д., Липова Е.Л.-ға анықталған кемшіліктерді жою бойынша жоспар құру.
2. Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы бойынша ескерту алған тәрбиешілер мен мұғалімдерге тәртіптік жаза ретінде сөгіс жариялау:
 - 1а сынып – Сафонова Ю.П.
 - 3а сынып – Липова Е.Л.

- 3б сынып – Алгазинова А.В.
 - 4а сынып – Климова Е.Н.
 - 8а сынып – Петрова А.А.
 - мектепалды даярлық сыныптары – Абдрахманова А.Б., Липовая Е.Л., Сатпаева Ж.Д.,
Кожаква Ж.А.
3. Мемлекеттік аттестация қорытындысында көрсетілген барлық ескертулерді **2025 жылғы 24 мамырға дейін жою.**

Төраға: Э. Шлейнинггер

Хатшы: А. Батин

